

Алматы облысы бойынша 2025 жылғы IV тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін белгілеу туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 333 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27, 37-баптарына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларының 7-тармағына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы бойынша 2025 жылғы IV тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулының Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

М. Сұлтанғазиев

Алматы облысы әкімдігінің 2025
жылғы "12" қарашадағы № 333
қаулысына қосымша

Алматы облысы бойынша 2025 жылғы IV тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар
--

P/c	Тауар атауы	Өлшем бірлігі	бағасының шекті мәндері (теңге)
1	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	кг	557
2	Бірінші сұрыпты бидай ұны	кг	298
3	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	кг	281
4	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	кг	
5	Рожки (өлшеніп салынатын)	кг	355
6	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	кг	3954
7	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	кг	1706
8	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада	литр	528
9	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	литр	538
10	Сүзбе: майлылығы 5-9%	кг	2710
11	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	он дана	712
12	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	кг	4930
13	Күнбағыс майы	литр	1010
14	Ақ қауданды қырыққабат	кг	217
15	Басты пияз	кг	180
16	Асханалық сәбіз	кг	247
17	Картоп	кг	247
18	Ақ қант – құмшекер	кг	493
19	Ас тұзы ("Экстра"-дан басқа)	кг	104